



Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру
комитетінің Төрағасы
милдетін атқарушының

2014 жылғы « 29 » сәуір
№ 426 бұйрығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің
«Республикалық санитариялық авиация орталығы»
шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік
кәсіпорнының жарғысына өзгерістер**

1. «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық санитариялық авиация орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2013 жылғы 12 ақпандағы № 83 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық санитариялық авиация орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жарғысының (бұдан әрі – Жарғы) 13-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасының халқына санитариялық авиация және жедел медициналық жәрдем нысанында шұғыл медициналық көмек көрсету болып табылады.»

2. Жарғының 6-бөлімінің 42-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«42. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін аудару нормативі «Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігін аудару нормативін бекіту және «Республикалық бюджетке түсетін түсімдердің алынуына, артық (қате) төленген соманың бюджеттен қайтарылуына және (немесе) есепке алынуына және салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің, трансферттердің, бюджеттік кредиттерді өтеу, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін соманың, қарыздардың бюджетке түсуін бақылауды жүзеге асыруға жауапты уәкілетті органдардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы № 1339 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 мамырдағы № 448 қаулысына сәйкес белгіленеді.»

3. Жарғының 7-бөлімінің 46-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«46. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 47 433 759 (қырық жеті миллион төрт жүз отыз үш мың жеті жүз елу тоғыз) теңгені құрайды.»

Директор Н. Ахильбеков



Утверждены
приказом и.о. Председателя
Комитета государственного
имущества и приватизации
Министерства финансов
Республики Казахстан
«29» апреля 2014 года
№ 426

**Изменения в устав Республиканского государственного предприятия на
праве хозяйственного ведения «Республиканский центр санитарной
авиации» Министерства здравоохранения Республики Казахстан**

1. Пункт 13 устава Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Республиканский центр санитарной авиации» Министерства здравоохранения Республики Казахстан, утвержденного приказом Председателя Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан от 12 февраля 2013 года № 83 «Некоторые вопросы Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Республиканский центр санитарной авиации» Министерства здравоохранения Республики Казахстан», (далее - Устав) изложить в следующей редакции:

«13. Целью деятельности Предприятия является оказание экстренной медицинской помощи в форме санитарной авиации и скорой медицинской помощи населению Республики Казахстан.»

2. Часть первую пункта 42 раздела 6 Устава изложить в следующей редакции:

«42. Норматив отчисления части чистого дохода Предприятия устанавливается в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 2 мая 2013 года № 448 «Об утверждении норматива отчисления части чистого дохода республиканских государственных предприятий и внесении изменения в постановление Правительства Республики Казахстан от 31 декабря 2008 года № 1339 «Об утверждении перечня уполномоченных органов, ответственных за взимание поступлений в республиканский бюджет, за возврат из бюджета и (или) зачет излишне (ошибочно) уплаченных сумм и осуществляющих контроль за поступлениями в бюджет неналоговых поступлений, поступлений от продажи основного капитала, трансфертов, сумм погашения бюджетных кредитов, от продажи финансовых активов государства, займов.»

3. Часть первую пункта 46 раздела 7 Устава изложить в следующей редакции:

«46. Размер уставного капитала Предприятия составляет 47 433 759 (сорок семь миллионов четыреста тридцать три тысячи семьсот пятьдесят девять) тенге.».

Директор Ахильбеков Н. _____

